

# АҚМЕШІТ жастары

6+



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін.



Магжан  
№ 29 (462)  
21 шілде, 2022 жыл


Әскери қызмет – өзіндік қиындығы мен қызығы қатар жүретін сала. Таңмен таласып тұратын шекарашылар жаңа күнді жаттығумен бастап, сергек күйде сақтықты талап ететін қызметіне кірісуді әдетке айналдырған. Тек спорт қана емес, күнделікті білім алу да бұл жаманас дағды екені рас. Шекарашылардың бір күндік өмірін білу үшін «Қосмаман» шекара бөлімшесінде барлаушы қызметін атқарып жүрген Бекзат Қуанышұлымен тілдескенімізде абыройлы міндеттің қыр-сырын жіті түсінгендей болдық.

– Сыр елінің шекара шебін қорғап жүрген шекарашылар өз қызметін тұрақты жүргізіп, міндетін адал атқарады. Әр адам өз ісінің кәсіби маманы болуға тиіс, оның ішінде әскери

әрі физикалық тұрғыдан мығым, темірдей тәртіпке төзімді болғаны жөн. Шекарашы болғаннан кейін қызмет барысында, контрабандалық деректердің жолын кесуде көптеген қиын әрі тосын жағдайлар болып тұрады. Шекарашылар әркез өздерінің физикалық дайындықтарын жоғары деңгейде ұстайды, үнемі қоян-қолтық ұрыс кезінде қаруды қолдану жаттығуларын жасап, білігін шыңдап отырады. Сол себепті әріптестер тосын жағдайға дайын жүреді, – дейді Бекзат.

Жас барлаушының айтуынша, әскери өмірдегі тағы бір жоғары бағаланатын құндылық – шекарашылардың бірлігі мен айнымас достығы. Содан

Биыл Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің құрылғанына – 30 жыл. Осы уақыт аралығында шекарашылар жауапкершілікпен жүктелген міндетке сын келтірмей, ел аумағын қорғап келеді. Халықтың тыныштығын күзеткен сала мамандарының еңбегі қашанда маңызды, әрдайым құрметке лайық.



қызметкерлерден үлкен жауапкершілік талап етіліп, ел шекарасын күндіз-түні қорғау тапсырылады. Басшылық сенім артып тапсырған лауазымды атқаруда білігінді көрсетіп, адал қызмет етуге міндеттісің, – дейді ол.

Әскери қызметке келмес бұрын Қызылорда политехникалық колледжінде атомлесары мамандығы бойынша білім алған Бекзаттың бұл салаға бет бұруы кездейсоқ емес. Бала күннен шекарашы болуды армандаған ол 2016 жылы тәуекелге бел буып, Нұр-Сұлтан қаласындағы «Ұлттық ұлан» әскери бөлімінде мерзімді әскери қызмет атқарады. Саламатты өмір салтын ұстануды өмірлік дағдыға айналдырған оның мамандығына деген қызығушылығы жоғары.



– Шекарашы болу үшін әрбір азаматтың ынтасы мен жігері болу керек. 18 жасқа толған әрбір ҚР азаматы білімді

Елімізде жалпы ішкі өнімде орта және шағын бизнестің үлесін ұлғайтуға мән беріліп келеді. Мемлекет бұл мақсатта әрдайым үлкен қолдау жасауда. Иә, қолдаудың нәтижесінде өңірде кәсіпкерлікті өркендетуде оң нәтиже баршылық. Оны дәстүрлі өтетін «Қазақстанның үздік тауары – 2022» көрмесінен байқадық.

болар, бұл ортада «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» деген қағида ең жақсы ұстанымға айналған.

Айта кетейік, қазіргі таңда әскери қызметкерлер үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған. Тіпті, қызмет барысында заманауи технологиялар көмегі пайдаланылады.

– Шекара қызметінде заман талабына сай ауқымды реформа, қайта құру жұмыстары жүргізілді. Қызмет барысынан бөлек, күнделікті әскери сабақтар өткізіледі. Қазіргі таңда барлаушылар шекара қызметінде сақшы, радиобайланыс кезекшісі қана алады. Сондай-ақ мемлекеттік шекараны мүлтіксіз күзету мақсатында кадрлық құрамды нығайту, заманауи арнайы техникалық құралдармен жабдықтау, шекара бөлімшелеріндегі жеке құрамның қолайлы тұрмыстық жағдайын жасау мен жақсарту сияқты көшенді шаралар сатылай жүзеге асуда. Бүгінде дрондар көмегімен шекараны бақылауға да болады, – дейді Бекзат Қуанышұлы.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

## КРЕАТИВ ҚАЖЕТ ӨНДІРІС



– «Құлан» бренді қалай қалыптасты?

– Отбасымымен Қазақстанға 2005 жылы көшіп келгенбіз. Шымкент қаласында тұрдық. Кейін мәктеп бітіріп, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика және математика факультетінде апараттық жүйелер мамандығы бойынша жоғары білім алдым. Сол кезден бастап сайт жасап, маркетингпен айналыстым. Одан кейін аяқ-киім дүкенім мен білім беру саласына қатысты кәсібім болды. Тәжірибе жинақтай жүріп, 2019 жылы өз саламызды тапқан соң жеке брендті қалыптастырып келеміз. Қазақстаннан шығатын, жергілікті киім брендин әлемдік брендке айналдырамыз деп армандап, мақсат қойғанымызға – 3 жыл.

«Құланды» жандандыруда 3 негізгі мақсат бар. Оның алғашқысы – ислам құндылықтарына негізделсе, екіншісі – қазақы нақышты тұрмыстық қажеттілік қатарына енгізу, үшіншісі – қазақ зиялыларын әлемге таныту. Ислам құндылық дегеніміз – адами құндылық, халқымызды жақсылыққа, адамгершілікке үндеу. Екіншіден, елімізге жан-жақтан әлемдік стиль, киім үлгілері кіріп жатты. Киіну де мәдениет. Ұлттық нақыштағы киімдерді насихаттамасақ, өзгелерден насихат аламыз. Сондықтан қазақы нақышты насихаттау маңызды.

«Қазақты жамандама, қазақ бапа. Халық қой қазақ деген аз-ақ қана. Мәңгілік ай астында, жер үстінде

Қазақтың жанашыры қазақ қана», – деген Құлаш Ахметованың өлеңі ойымызды дәл суреттейтіндей. Ал үшінші мақсат көпке түсінікті деп ойлаймын. Қазақ зиялыларын киіммен насихаттау арқылы адамзаттың ұлтқа, тарихи тұлғаларға деген қызығушылығын оятамыз. Мысалы, «Бес арыс» деген топтама бар. Оның ішінде бір ғана Шәкәрімді алсақ, шығармашылығынан өзімізді, адамгершілік жолын танимыз. Абай да, Ахмет Бабамыз туралы ұғым да солай. Оларды, олардың шығармашылығын зерттеу, тану – өзімізді, нағыз қазақты тану. Өлем де дәл осы жолмен қазақты білетін болады.

Идея қалай келді десеңіз, отандық нарықта киімге бейпіл, орысша сөз жазу арқылы жастардың санасын ұлап, сол арқылы сұранысқа ие болып отырғандарды көрдік. Өрине, олардың сыртынан шағымданып, дұрыс немесе бұрыс деп баға беру бізге тән қылық емес. Нәтижесінде өз киімдерімізді нарыққа ұсындық. Арادا көп уақыт өтпей-ақ, сұраныс артты. Сондықтан әрі қарай дамытып, көлемін ұлғайтамыз деп нақты шешім қабылдадық. Қазіргі таңда 20 000-нан аса тұрақты тұтынушы бар. Ал брендтің «Құлан» атауы серіктесім екеуіміздің идеямыз. Италиялық, еуропалық брендтерге назар аударсаңыз, атауы иесінің аты-жөнінен құралған, кейін құлаққа сіңіп кеткен. Құлан – менің атамның есімі

және серіктесіміздің туған жерінің атауы.

– Тұтынушы үшін сапа мен бағаның қолжетімділігі ғана емес, киімнің бренд болуы да маңызды. Топтамалар «Бес арыс», «Адам бол» деген сөз тіркестер ерекше сияқты. Бұл киімнің идеясы?

– «Бес арыс» топтамасының дизайны, сөз тіркесі серіктесіміз, кәсіпкер Нұрбол Әзімжанның идеясы. Бес арыс – қазақтың қаймағы, интеллигенттері. Аталған тұлғаларды танығандар қазақты да таниды деген оймен осындай топтама шығара бастадық. Ал «Адам бол» өзіміздің ұлы Абай атамыздың өлеңінен алынды. Бір ғана сөз тіркесі. Бірақ астарында терең мағына жатыр. «Толық адам» қатарына еніп, «Атаның емес, адамның баласы болу» – біздің бір ұранымыз. Қайда Мырза Әлі: «Адам бол оқай туғанмен. Адам бол қалу көп қиын», – дейді. Ал «Табаңды бол» тіркесі – қанша жылдан бері алға жылжуыма түрткі болған сөз. Табандылық мақсатқа жолындағы ең маңызды қасиет деп ойлаймын.

– Киім өндірісі – шығармашылық жұмыс. Дизайн, кішкентай элементтердің өзі ерекше маңызға ие. Дизайнермен кім жұмыс істейді?

– Дұрыс айтасыз, киім өндірісі шығармашылықты, креативті ойлауды қажет етеді. Командамызбен үнемі жаңа идея тапқылап, жаңа дизайнды ойластырамыз. «Халыққа қандай киім стилі ұнайды?» деген сұраққа жауап іздейміз. Сонымен бірге киімдердің түсі де ерекше маңызға ие. Бізде



Кіім өндірісі – нарықтағы басты саланың бірі. Сұранысқа сай тауарлар да жылдан-жылға артып келеді. Сауда нүктелері онлайн жүйеге көшкенімен, ұлттық брендтегі киімдер – алдыңғы орында. Осы орайда заманауи әрі қазақы нақышты тоғыстырып, ұлттық құндылықтарды киім арқылы ұсынып жүрген «Құлан» брендінің иесі, кәсіпкер Исмаил Құлан мырзамен сұқбаттасудың сөті түскен еді.

дизайнер Заманбек Кедебай есімді тәжірибелі графикалық дизайнер айналысады.

– Алда қандай жоспарларыңыз бар?

– Кәсіпкер ретінде алға қойған жоспар – мақсат көп. Қазақстанның барлық қаласынан дүкен ашқымыз келеді. Дүкен ашудың жолдарын жасап жатымыз. Автоматтандырылған слайд жүйесі, тапсырыс қабылдау жүйесі жасалуда. Яғни, сатушы тапсырысты қабылдаған бойда өндіріс бөлімі оны тікелей көріп отырады. Орау бөлімі де сейіксініне ер туғынуына қажетті киімнің түсі мен санын қарап отырып, даярлап береді. Яғни, барлығы автоматтандырылған. Қазір осы жүйені толықтай тексерістен өткізудеміз. Жүйені бақылаған соң, бір команда толықтай өзі-өзімен жұмыс жүргізе алатын болса, басқа қалаларға да франшиза шығарып, дүкен санын көбейту ойда бар.

Сонымен бірге қазір бізде басқа елдің киім нарығын зерттеу жұмысы жүріп жатыр. Олардың артықшылығы мен кемшілігін анықтаған соң, шетелде қазақтың ұлттық бренді ретінде «Құландының» филиалын ашсақ дейміз. Басқа мемлекетте жүрген қазақтар да, шетелдіктер де біздің брендке көңіл аударатын күн алыс емес.

– Өңіміңізге рақмет!

Сұқбаттасқан Дина БӨКЕБАЙ


Жалғасы. Басы 1-бетте

Биыл көрмеге қатысуға кәсіпкерлер арасында сұраныс артқан. 60-тан астам жергілікті тауар өндіруші өз өнімдерін көпшілікке ұсынды. Ұйымдастырушылар көрме аясында үш номинация бойынша үздіктерді анықтады. Атап айтқанда, «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халық тұтынатын үздік тауарлар» және «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы сарапқа салынды.

Облыс әкімі бастаған кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңес мүшелері, қаржы институттарының өкілдері мен аймақ кәсіпкерлері және тұрғындар жергілікті тауар өндірушілердің өнімімен танысты. Көрмені тамашалаушылар арасында оң бағаға ие болған бірнеше өнімдерге тоқталсақ.

Жаңақорған ауданы аймақта кәсіпкерлік саласында көш ілгері екенін биыл да байқапты. «Мейрамбек» ЖК-нің әжектана қағазы Қызылорда облысынан бөлек өзге қалаларға да сатылымға шыққан. Кәсіпкер берекелі ісі арқылы 5 адамды жұмыспен қамтып отыр. Ал 2019 жылы алғашқы өнімін өндірген «Әділет» ЖК шығаратын кір сабындар да көрменің көркін қыздырды. Мұнда жылына 240 000 дана сабын 5 жұмысшының ықылымен шығады. Сондай-ақ көрмеден қапталған құрт және чепіл де табылды.

Шиепілік «Халиев» ЖК өндіретін «Жаншұр» брендімен шығарылатын өнім түрлері көпшілік сұранысына ие. 2016 жылдан бері қызмет көрсетіп келе жатқан кәсіпорында 12 адам жұмыс істейді. «Абай-Дәулет» ЖШС-нің күріш және сүт өнімдері де тұтынушылар тағамына сай. 2016 жылы құрылған ұйымда 165 адам өңбек етуде. Қармақшы ауданының «Тұрмағамбет» ЖШС-нің өнімдері де жоғары сапамен көпшілікке ұсынылады. Шаруашылықта 170-ке жуық адам жұмыс істейді. Кәсіпкер күріш, макарон, айран, қаймақ, кілегей, балмұздақ өнімдерін шығарады.



Жаңақорғандық жас кәсіпкер, омарташы Оңғарбек Өсенов бір реттік қолдануға арналған бал шығарады. Көрмеде келушілер қызығушылығын тудыратын өнімнің бірі болды. 2018 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан кәсіпкер жылына 2,5-3 тонна бал өндіреді.

— Бірде Нұр-Сұлтан қаласына республикалық форумға бардым. Сол кезде қонақүйде болдым. Сонда бір реттік шай, кофе алып ішіп жүрдік. Сонда «балды неге осылай, кішкене қапталаларға құйып, жасамасқа» деген ой келді. Бұл жолаушы үшін де балаларға да қолайлы болар еді. Сөйтіп интернеттен іздей бастадым. Арнайы құрылғы, қаптайтын

қаптамасына дейін сатып алып, осыны жолға қойдым. Қазір сұранысқа ие. Өсіресе, мектеп асханаларынан сұраныс көп. Балдың пайдасы көп қой, әсіресе балалардың иммунитетін көтеруге жақсы. Кешегі індет кезінде тұтынушылар тарапынан сұраныс та көп болды, — дейді кәсіпкер.

Сонымен қатар көрмеде азық-түліктен бөлек құрылыс заттары да ұсынылды. Мәселен, қызылордалық «VEGA-PROM» ЖШС құрақ құрылыс қоспаларын өндірумен айналысады. Компания өкілі Асылхан Азбаевтың айтуынша, кафель жапсыратын желім, шпакатурка, құйылмалы еденнің түр-түрі бар. Өнімдері облыс көлемінен бөлек, Қарағанды, Ақтөбеге сатылады. Жылына 8 мың тоннадан астам өнім өндіріледі.

Көрме-байқаудың салтанатты шарасында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сөз сөйлеп, байқаудың маңызына тоқталды.

— Көрме-байқаудың мақсаты — жергілікті өндірушілерге қолдау көрсету, олардың өндіретін тауарлары мен көрсететін қызметтерінің сапасын арттыруға ынталандыру. Биыл байқауға 3 номинация бойынша 60-тан астам кәсіпкер қатысуда. Өткен жылдары

республикалық конкурстың нәтижесімен өңірдің 8 кәсіпорыны, атап айтқанда «Р3А», «Абзал К»,



«Мағжан және К», «Абай-Дәулет», «Алтын Орда», «СКЗ-У», «Dala-tech» компаниялары және жеке кәсіпкер «Қазберенов» жеңімпаз болды. Қазіргі қапталасқан геосаяси және экономикалық жағдайда инфляциялық процестер жылдам қалыптасып, болжам жасауға кері әсерін беруде. Сондықтан өкімдік, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен, бизнес өкілдермен бірлесіп, ішкі нарықтың жетекшіліктерін жабғу және импортқа тәуелділікті барынша жоюға мүмкіндік жасайтын жобаларды іске асыруымыз қажет. Көрмені аралап барысында импорт алмастыратын тауарларды өзімізде шығарудың мүмкіндігі бар екендігіне көз жеткіздік. Біз өңір экономикасын әртарапандыру мақсатында шикізаттық емес өндірісті дамытуға күш жұмсауымыз қажет. Биыл іске қосылатын бір ғана шыны зауытының маңайында 8 ілеспе кәсіпорын құру мүмкіндігі бар. Бүгінгі күні 3 жоба бойынша жобалау жұмыстары басталды. Былтыр мемлекет тарапынан 3 мыңнан аса жобаға қолдау көрсетілді.

Нәтижесінде жұмыс жасайтын кәсіпкерлер саны 6,1%-не, ал өндірілген өнім көлемі 7,2%-ке өсті. Биыл әртүрлі кездерден кемінде 20 млрд теңгеге жуық қаржы бағытталды. Кәсіпкерлік саласының дамуын сипаттайтын көрсеткіштер тәуір. Өрі қарайда саланы қолдау жұмыстары жалғасады, — деді облыс әкімі.

Сараптамалық топтың анықтауымен «Қазақстанның үздік тауары – 2022» өңірлік көрме-байқауының жеңімпаздары марапатталды. Үш номинация бойынша 9 жеңімпаз анықталды. Атап айтсақ «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясы бойынша цемент өнімдерін шығаратын «Компания Гекуба

Шиепі Цемента» ЖШС, мұнай өндірісіне арналған қондырғылар шығаратын

«Новомет-Қазақстан» ЖШС, полиинтерлойд және төменгі қысымды полиэтилен құбырларын шығаратын «Қазақстанская Нефтехимическая Компания Кемикал» ЖШС Қызылорда филиалы жеңімпаз болса, «Халық тұтынатын үздік тауарлар» номинациясын ұлттық киімдер тігумен айналысатын жеке кәсіпкер «Алман Абди», құрақ құрылыс қоспаларын шығаратын «VEGA-PROM» ЖШС және жойпа дайындайтын «Алистрейд Қазақстан» ЖШС жеңімпаз болды. «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша өңделген ет, сүт, көкөніс өнімдерін шығаратын «Аруна Агролидер» ЖШС, күріш және күріш өнімдерін өндіретін «Асыл дән LTD» ЖШС, өңделген балық және балық өнімдерін шығаратын «Қарашала» Сервистік Дайындау Орталығы» ЖШС жеңімпаз атанды.

Шара аясында кәсіпкерлер бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында шағын бизнес өкілдеріне демеушілік көрсету жөнінде бастама көтерді.

Ерасыл ШӨРІБЕК

Халқымыздың тұрмысында берік бекіген көне салалардың бірі — қазақ көленерінің өміріміз бен мәдениетімізде алар орны ерекше. Атадан балаға жалғасқан өнер арқылы ау баста ұсталар: найза, қылыш, айбалта, ағаш ұсталары: сандық, астау, зергерлер түрлі бұйымдар, іскерлер: кілем, төкемет, алаша жасаған. Тастар мен ағаштарға қашап жазудан басталған бұл өнер кейіннен ою-өрнекпен ұласты. Қазақтың тұрмысын сипаттайтын саланың қазіргі жағдайы қандай?

Күніге айбалта мен қылыш жасамаса да, ұмыт бола бастаған дәстүрді жастарға дәріптеп жандандырып жүргендер бар. Сырдария ауданы Айдарлы ауылының тұрғыны Роза Өлбатырова 2012 жылдың сәуірінде қорғамдық кеңес құрып, халықаралық байқауларға қатыса

бастаған. 2013 жылы Америкада «USAID» шағын бизнесті дамыту орталығынан

жоба ұтты. Кейіннен шебер апамыздың қолынан шыққан дүниелер Ресей, Англия, Гонконг, Қырғызстан және тағы басқа мемлекеттерде сұранысқа ие болды.

— Шеберханада 3 тігінші және 4 кілемші шеберлер жұмыс жасайды. Кілем тоқуға тапсырыс түскен кезде Алматыдан тоқыманың жіптерін алдыртатымыз, дайындыққа 2 апта кетеді. Ал толық жұмыс процесі 2 айды қамтиды. Тапсырыстар туралы айтатын болсам, өткен және осы жылы тек 1 ғана кілемге тапсырыс келді. Карантинге дейін жылына 5-6 кілем тоқитынбыз —, деді «Өлбатырованың түкті кілем үйрету

шеберханасының» жетекшісі Роза Өлбатырова.

Кілем — әсемдік және үйдің жылулығын ұстауға қолданылатын түрлі өрнектермен безендірілетін көленер туындысы. Кілем

бір немесе бірнеше қабатты, түкті және тықыр болып келеді. Қолдан тоқылған ең бағалы кілемдердің Отаны: Иран, Қазақстан, Франция, Венгрия, Грузия. Өзімізден бастау алған, алғашқы түрлері қазақ топырағында пайда болған, әр шаңырақта көздеріңізді түкті кілемдер, бүгінгі күнде тек арнайылап тоқылатын жағдайға жетті. Бір кілемнің бағасы шамамен 500.000 теңгені құрайды.


70-ке таяп алған Роза әжей шеберханадағы жұмысынан бөлек ақысыз түрде шәкірттер қабылдайды.

Тоқу ісінің

шеберінің сөзінше үйренемін деушілердің саны көп. Ауылда өзі жетекшілік ететін үйірмеге қатысқан сал ауырына шалдыққан бойжеткеннің жағдайы жақсарған. Осыған дейін берген берген сұқбаттарының бірінде көленер туындыларын жасауда пайдаланылатын

қой жүнінің адам денсаулығына беретін пайдасы көп екенін айтқан еді. Дана қазақ халқымыз ерте кезден бастап мәдениет пен шеберлікті ұштастырып қана қоймай, пайдасын да біліп

дәстүрді қайта жаңғыртуға өз септігін тіптігіміз келеді, — деді әжей



өңгімелесу барысында. Айта

кетейік, өткен аптада облыстық кәсіпкерлер және туризм басқармасы және Кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен Қызылордада өткен «Қазақстанның үздік тауарлары — 2022» атты байқауға Роза Өлбатырова өзінің шәкіртімен қатысты.

Дәстүрді жаңғырту — болашақтың дамуының жарқын айғағы. Халқымыздың құндылықтарын сақтау үшін ұлттық мәдениетіміздің қолданбалы көленерін бірге өркендетейік.

Әлия ТӘЖІБАЙ

# КІЛЕМ КЕРЕЖЕЛІ



## ОҚУШЫЛАР ҮЗДІК НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ



Өңірлер қимасында олимпиада жеңімпаздарының саны Қызылорда облысында жылдан жылға артып, көп басында келеді. Екінші жыл қатарынан облыстың ауыл мектептеріндегі 5-6 сыныптың жүзге жуық оқушысы еліміздің жетекші мектептерінде білімін жалғастыруға мүмкіндік алуда.

Биылғы оқу жылында «Мың бала» олимпиадасына қатысу үшін ауыл мектептерінің 5-6 сынып оқушыларынан 1125 қатысушы тіркеліп, ең көп балл жинаған 903 жеңімпаз іріктелді. Олимпиаданың екінші кезеңінде дарынды оқушылар академиялық білімге баға беретін компьютерлік тестілеуге қатысып, 209 бала олимпиада жеңімпазы атанды.

Министрліктің арнайы квоталарына сәйкес 6 сыныпты аяқтаған 28 жеңімпаз оқушы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерінде білімін жалғастыру мүмкіндігіне ие болды. Олар Республикалық физика-математика мектебінде, «Білім-Инновация» лицейлерінде, «Дарын» мамандандырылған мектептерінде оқуға жолдама алып, еліміз бойынша қатысудың жоғары көрсеткішімен аймағымыз үздік үштігін көрсетті.

Ал 8-9 сыныптар арасында өтетін «Qanat» олимпиадасына аудандар бойынша 3 847 оқушы тіркеліп, бағдарлан сынады. Олимпиаданың II кезеңінде 697 оқушы өтіп, нәтижесінде Республикалық кезеңге 35 бала жолдама алып, оқушылар Нұрсұлтан қаласындағы Назарбаев университетінде Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтың қатысуымен өткізілген слетке қатысты. Олимпиада қорытындысы бойынша аймағымыздың 3 дарынды оқушысы «Qanat High School of Batabay» мектебіне жолдамасына, 2 оқушы тарих пәні бойынша жүлделі орындарға ие болды.

## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»: ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Қала әкімі Асылбек Шаменов «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсының қалалық кезеңінде жеңімпаз атанған отбасыларды марапаттап, бағалы сый-



лықтар табыс етті.

Ұлттық құндылықтар мен шаңырақтың береке-бірілгін насихаттайтын шаралар қала әкімі Асылбек Өмірбекұлы «Біз – ата-анамыз ардақтап, қарғасын құрметтей білетін, отбасын Отанның тірегіне санайтын елдің ұрпағымыз. «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының қалалық кезеңінде белсенділік танытып, қатысқан әр отбасыға шынайы алғысымды айтамын, – деп жылы лебізін білдірді.

Биыл ұлттық конкурста 15 отбасы үміткер ретінде құжат тапсырып, олардың ішінен арнайы құрылған комиссияның шешімімен 5 отбасы іріктеліп алынды. Нәтижесінде 3 отбасы жүлделі орынды иемденіп, 2 отбасы арнайы номинация иегерлері атанды.

Тамыры тереңге таралған, қанаты кеңінен жайылған әулет Тасбөгет кентінің тұрғындары Ермановтар отбасы I дәрежелі дипломмен марапатталды. II дәрежелі диплом Қызылорда қаласының тұрғындары Танқабасөзет отбасына табысталса, III дәрежелі дипломды Қызылорда қаласының тұрғындары Жақыповтар отбасы иеленді. Сондай-ақ «Еңбеккер отбасы» номинациясымен Тасбөгет кентінің тұрғындары Бөленгенов отбасы, ал «Өнегелі әулет» номинациясымен Айнакөл ауылының тұрғындары Смағұлөзет отбасы марапатталды.

## ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАР 101 МЕДАЛЬГА ИЕ БОЛДЫ



Биылғы оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 101 оқушы халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсында жүлделі орындарға ие болды. Сыр дарындылары аймақ қоржынына 16 алтын, 29 күміс, 56 қола өкелді.

Тарқатып айтар болсақ, халықаралық олимпиада мен ғылыми жобаларда 4 оқушы күміс, 9 оқушы қола медальді иеленді. Олар математикадан қашықтан өткен халықаралық Азия-Тынық мұхиты олимпиадасы, математикадан халықаралық «Жібек жолы» олимпиадасы, Халықаралық Жаутіков олимпиадасы мен халықаралық «Ғылым әлеміне жол ашамыз» және Ө.Жолдасбеков атындағы математикадан және механикадан зерттеу жұмыстары конкурсы сияқты беделді олимпиадаларда облыстың намысын қорғады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобаларда 88 дарынды оқушымыз оқ бойы оза шауып, 16 алтын, 25 күміс, 47 қола медальді иеленді. Оқушылар жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада мен ғылыми жобаларға, жаратылыстану-математика циклі пәндері бойынша Президенттік олимпиадаға, жасөспірімдер олимпиадасы, «Зерде» конкурсы және Қ.Бітібаева атындағы республикалық олимпиадаларға қатысып, үздіктер атанған. Сондай-ақ 24 сыныптан басталатын «Бастау» математикалық турнирінде аймағымыз командалық есепте III орынға ие болды.

Күн ысып, жаз шыға бастаған сәттен бастап табиғат аясына шығуды жоспарлаймыз. Десе де көкке шыққанда кенеден абайлау керегін ескере бермейміз. Сақтық шараларын қолдану керегін білсекте, кене көп шоғырланатын жердің нақты қайда екенін білмейміз. Кене шағып, денсаулығына зиян тигендер көп. Жыл сайын әр түрлі статистика қолға тиеді. Мәселен биыл 4 адам қайтыс болыпты. Бұдан кененің құрығына түскендер азаймай тұрғанын аңғару қиын емес. Мамандар кене жабықсқанда жұлып ала салмауға, табиғат аясында жан-жаққа көз жүгіртуге шақырады. Мейлінше хирург маманға көрінген абзал. Күн ыстықта қоршаған ортада түрлі жұқпалы ауруларды тарататын жәндіктердің де белсенділігі арта түседі. Солардың бірі – кене.

# КОНГО-ҚЫРЫМ: 33 НАУҚАС ТІРКЕЛДІ



Аймақта соңғы кезде Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының эпидемиологиялық ахуалы өршіп тұр. Бүгінде облыс бойынша 33 науқас тіркеліп, оның 14-і нақтыланған. Өкінішке орай 4 адам конго-қырым геморрагиялық қызбасынан қайтыс болды. Сала мамандары облыс тұрғындарын барынша сақтануға және далалық жерде абай болуға шақырды.

– Қазіргі таңда Конго-Қырым геморрагиялық қызбасымен ауырып, 1 науқас ем алуда. Тиісті медициналық ем шаралары қолданылған 9 науқас қанағаттанарлық жағдайда үйлеріне шығарылды. Өкінішке орай өңірімізде 4 адам кененің кесірінен қаза тапты. Қайтыс болған науқастар – Қызылорда қаласы, Жалағаш, Шиегі аудандарының тұрғындары. Жалпы, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасын болдырмау, алдын алу шаралары да көптеп жүргізілуде. Осы ретте тұрғындарды табиғат аясында, далалық жерлерде сақтық шараларын сақтап, кене шаққан жағдайда дәрігердің тағайындауынсыз ем жүргізбей, жедел түрде медициналық ұйымдарға қаралуға кеңес беремін, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Мырзагелдіұлы.

Былтыр кене шағудың 238 жағдайы анықталса, биыл 601 дерегі тіркелді. Сонымен қатар кенелердің арасында ауру қоздырғышының анықталуы да өткен жылдан жоғары. Былтыр облыс бойынша 113 елді мекен қолайсыз аймақтар қатарына қосылған болса, биыл олардың саны 116-ға жеткенін сала мамандары да растап отыр.

– Биыл Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының жаңа микрошошқартыры анықтау мақсатында 40 075 дана кене жиналып зерттелді. Оның ішінде 5174-і – елді мекендерден, 16 765-і – жануарлардан, 17637-сі – табиғаттан, 496-сы ауру

ошақтарынан жиналған. Барлығы 4527 сынама зерттеліп, 127-сінен оң нәтиже анықталған. Облыс бойынша медициналық мекемелерде КҚГҚ-мен ауыратын науқастарды емдеу қырым геморрагиялық препараттар, иммундалған плазма және т.б. қажетті дәрі-дәрмектер мен қорғаныс құрал-жабдықтар қоры жеткілікті мөлшерде жасақталған, – деді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

Айта кетейік, эпидмаусымның басталуына орай қолайсыз елді мекендерде аса қауіпті жұқпалы ауруға қарсы профилактикалық шаралар белсенді жүргізілуде. Десе де жағдай мәз емес. Бұл халықтың мейлінше абай болуы керектігін көрсетсе керек-ті.

Кене көп жағдайда елді-мекендерде жүреді. Ауылда мал қораға жүгіре салып, сыыр сауатын кісілер көп. Міне, осы жағдайда кенеден сақтанып, қалын киімдерді киіп барған жөн. Кенеден залалсыздандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп тұрады. Ветеринар мамандар кенеге қарсы уды да сеуіп кетіп жүреді. Мәселен, жақын арада Қазалы ауданы, Бозкөл ауылында кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Аудандық ветеринариялық станция қызметкерлері Бозкөл ауылына арнайы барып, тұрғындарға кененің қауіптілігі түсіндірілді. Нәтижесінде елді мекендегі 36 қораға ақылы түрде кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді. Қазіргі таңда Қазалы аудандық санитариялық

эпидемиологиялық бақылау басқармасы, аудандық ветеринария бөлімі және Қазалы аудандаралық ауруханасы мамандары елді мекендерді аралап, тұрғындарға Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алуда залалсыздандыру жұмыстарының маңыздылығы түсіндірілді.

Маман кеңесіне жүгінсеңіз кенеден сақтану жолдарын айтады. Мәселен табиғат аясында демалып үйге келгеннен кейін денедегі киімдерді қағып, жақсылап қарап шығу керек. Өсіресе құлақтың артын, басты, шаштардың, саусақтардың арасын тексеріп шығыңыз.

Табиғат аясына шыққанда ашық түсті киім киюге тырысыңыз. Бұл киімге жабысқан кенені бірден тауып алуға көмектеседі. Сондай-ақ етек-жеңі ұзын, жабық киімді таңдаңыз. Киген киіміңіз денеге тиіп тұрғаны абзал. Шалбарды міндетті түрде етіктің ішіне салып, басыңызға міндетті түрде бас киім немесе орамал тағу керек. Киімдерді тазалау кезінде арнайы жабыстыратын құралды пайдалануға болады. Сақтық шаралары үшін кенелер мен шіркейлерге қарсы аэрозольдер мен жақпа майлар пайдалануға болады. Кенелер қалың шөптердің арасында

жасырылатындықтан, көк шөпте отырмауға, ойнамау қажет. Орманды жерлерде ағаштар мен шөптерді, тіпті, гүлдерді де жұлмаңыз, себебі өсімдіктегі кенелер үстіңізге жабысып қалу қаупі бар. Серуеннен қайтып келген соң, дененіңді мұқият қарап шығыңыз, шашыңызды тарақпен тараңыз. Кене адам терісіне қонған соң жарты сағаттай шағатын орын іздейді, сондықтан мұқият болсаңыз алдын алуға болады.

Жоғарыда атап өткеніміздей кенені көрген сәтте бірден жұлып алға тырысамыз. Бірақ бұл дұрыс емес екен. Кенені шығару үшін жіпті пайдалануға болады. Бұл үшін тас кенені жіппен аса мұқият орау керек. Жіп арқылы кененің денесі мен ол жабысып алған орынның арасын, тас кененің айналасын екі айналыммен орау керек. Пайда болған ілгекті оның мойнына сәл байлап, содан соң жіптердің шеттерін бір-біріне жалғап, екі саусақпен оны шымыршықтай бастау керек. Асығып, тез қимылдаудың қажеті жоқ. Бұл – ең қауіпсіз амал. Кенені суырып алған соң шаққан орынды спиртпен, арақпен, зеленкамен немесе йодпен емдеу керек. Содан соң қолды сабымен жуған жөн. Кенені суы бар қақпағы тығыз жабылатын шағын ыдысқа салып, зертханаға талдау жасауға апару қажеттігін есте ұстаған жөн.



Ол – онкологиялық ауруларды жаңаша тәсілдермен емдеп, радиацияны медицинаның игілігіне пайдаланып жүрген жас физик. Шетелде білімі мен біліктілігін шыңдап, Ресейдің белгілі адрондық физигі, құрметіне химиялық элементтер кестесінен аты аталған өйгілі ғалым Юрий Оганесяннан тәлім алған маман. Бүгінде томотерапия бағытында қызмет етіп, ондағы күрделі математикалық есептеуден тұратын жұмыспен айналысып, өз кезегінде физиканың медицинаға беретін әлеуетін арттырып, адамзат пайдасы үшін адал еңбек етуді мақсат тұтатын жас ісмер, тарихы терең Қазалының тумасы Ернар Ордамен әдемі әңгіме өрбітеміз.

– Ернар Мақсұтұлы, ең алдымен өзіңіз жайлы сөз қозғасаңыз...

– Отбасында анам, екі әкем, бір қарындасым және келіншегім әкеуіміз тұрамыз. Марқұм әкем Мақсұт Ермбетов деген кісі. Ол өз заманында ауданға танымал тұлға, интеллектуал болды. Бала тәрбиесінде бағыт-бағдар бере білді. Сегізінші сыныпта облыстық дарынды балалар мектеп-интернатына оқуға аттандым. Отбасында жалғыз ұл болдым. Әкем химистыңна қарамастан сонда білім нәрімен сусындауға жіберген. Өріне, оның барлығы менің болашағым үшін жасаған әкемің батыл қадамы деп білемін. Марқұм әкем оған «жалғыз ұлды неге жібересің» деп ұрансып та алатын. Сөйтіп, мектепті тәмамдап, жоғары оқу орнына тапсырдым. Студенттік өмірді сүріп жүріп, Ресейге әлемдік үздік зерттеу орталықтарының бірі болып саналатын «Біріккен адронлық зерттеулер институтына» оқуға тапсырып, Дубна қаласында білім алдым. Сол жақтан көп бағдарламалар жайлы біліп, АҚШ-қа да барып қайтуды көздедім. Айт кетейін, отбасымызда шетелде дәріс алған жалғыз мен емес. 2007 жылы әкем де АҚШ-қа барып, мол тәжірибе жинап келген.

Мектеп қабырғасынан физика саласына, яғни адронлық физика бағытына барғым келді. Онда мені еліткен шексіз энергия және оны алудың жолдары, сүтегі энергиясы. Осы энергияға қол жеткізсем, термоядролық синтезді жасай аламы деген бала қиялым болды. Кейін практикалық қолдану жөнін, басқа да қырларын үйренуге тырыстым. Ал соның бірі – медициналық физика. Діттегеніме жетіп, бүгінде сол салада қызмет етіп келемін.

Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан «УИТ» халықаралық онкологиялық томотерапия

орталығында жұмыс істеймін. Алғашында магистратураны тәмамдаған соң, сан түрлі іріктеуден өтіп, орталыққа жұмысқа тұрдым. Жалпы ядро мен медициналық физиканың ұқсастығы болғандымен, екі түрлі сала. Соңықтан білімімді жетілдіру үшін халықаралық екінші тәжірибем ретінде Индия елінің Дели қаласында орналасқан «Меданта» халықаралық клиникасында екі апта тәлім алдым. Одан соң, тиісті аппараттармен жұмыс жасау үшін, екінші жарты АҚШ-қа томотерапия қырлығын өндіруші «Аксорей» компаниясының зауытына барып, құрылғының жасалу жолымен танысып қайттым. Білімнің шегіне жету мүмкін емес. Сол себепті әлі күнге дейін, жер жаңаның түпкі-түпкіріне барып, арнайы курстар мен ғылыми конференцияларға қатысып, маңызды ақпаратты түйіп келеміз. Жұрыда ғана Венгрия астанасы Будапешт қаласында өткен ауқымды конференцияда болдым.

Бүгінде онкологиялық ауруға шалдыққан жандарды емдеуге дәрігерлер доза тағайындаса, мен сол дозаны жеткізу жолдарымен айналысамын. Доза тағайындау барысында кішіне ғана мөлшерде артық немесе кем болып, науқастың өміріне қауіп төндірді. Сондай олқылықтың алдын-алу мақсатында физиктер, яғни біз жеткізу ісімен айналысамыз. Ол күрделі математикалық есептеу жолдары мен томотерапия аппараты арқылы жүзеге асырылады. Сол арқылы тиісті дозаны жеткіземіз.

– Шетелде дәріс алу барысында болған қызықты да қиын сәтінізбен бөліссеңіз...

– Онда ең бірінші өзге елден келген азаматтар үшін қиыны, әрине, ол – тіл. Мен де тіл мәселесімен бетте-бет келдім. Қазақта «адам баласы үш күннен соң тозаққа да үйренісіп кетеді» деген сөз бар.

Расымен, кейін көле сол елдің тыныс-тіршілігі мен ағымына іністік. Мені бір таңдандырғаны американдықтардың менталитеті мен қарым-қатынасы. Яғни, алдына қандай мақсат қойса, оған жету жолында бәрін құрбан етуге дайын.

Ал қызықты сәтімді айтар болсам, сонда жұмыс жасап жүріп, жалға пәтер алғаным. Сөйтіп, бір аптадан соң, пәтерімізді өрт шалды. Тіпсіз жаумен арпалысымын деп жүріп, қолымды күйдіріп алдым. Тіпсізше жөгер-жәрдем шақырып, мені ауруханаға алып бара жатқанда, ауруды сезбес үшін морфин салған. Оның әсерінен діттеген жерге жеткенге дейін неше түрліні айттыпмын. Жеткен соң, бір күндік ем-домнан алып, ауруханадан шықтым. АҚШ-тың ең үлкен бір олқылығы десем де болады – ондағы медициналық көмек пен ауруханада ем алу ақысы өте қымбат. Мен ауруханадан шыққаннан кейін, бір күндік емге арнайы түбіртек келді. Оның ішінде емделу ақысы жазылған екен. Сондағы бір күн ем мен морфиннің құны 10 мың АҚШ доллары болып шықты. Алайда мен онда студент болып барғаннан кейін, жетілдірілген 700-800 долларға арзандады. Ол да сол уақыттағы нарықпен аз ақша емес еді. Қуанышқа орай сонда мекендеген қазақ бауырларымыз көмек етіп, емнің тиісті соммасын төлеп тастадық. Жалпы қазақтың бауырластығы бір таба. Сол сәтте қол ұшын созған жандарға алғысым шексіз. Сөйтіп, АҚШ-тағы 4 ай уақыттың қызықты сәттерге толы өтті. Елге оралғаннан кейін, мен тек қалта жайынан ғана емес, рухани, мотивациялық жағынан да байып келдім десеім болады. Жас бұғыға айтарым, шетелге бару мүмкіндігі тәсіл қалыс қалмаңыздар. Ол жақта сіз бен біздің үйренеріміз көп.

– Ернардың осындай дәрежеге жетуіне кім немесе не себеп болды?



– Кей-бір қазақ

отбасында қалса, бала мен әке арасындағы қарым-қатынас өте суық деп айтсақ қателеспейміз. Ал, мөңде бәрі керісінше. Уақытында әкемінен етене араласып, кез келген мәселені ашық түрде талқылай беретініміз. Яғни, ол менің өмірімдегі ең алғашқы да адатт досым болды десем артық емес. Жалпы әкелімің міндеті ретінде, қайсы болмасын, жоғары дәрежелі білім алып, жақсы маман атануымыз жолында аянбай төрт текті. Өлі күнге дейін есімде, 2007 жылы әкемің АҚШ-қа барып, ел мен жерді көріп, сондағы ілім-білімді бойына сіңіріу үшін несиесі алып, барлық мүмкіндікті жасаған. Сол жылдары әкем аудан бойынша ең алғашқылардың бірі болып сапарлап қайтқан. Ол кезде әлеуметтік желі дамымаған. Әкем қаршадай қыздың шетелге жалғыз кеткенін құптаймай, оны үнемі сұрап отыратын. Қуанышымызға орай Қазалы қаласында тұратын әкемің досының үйінде мейіл поштасы арқылы хат жолдап, келген хатты қағазға басып алатын мүмкіндігі болды. Шетелден хат келісімен оны шығарып, ең бірінші әкеме оқытатынымыз. Сол кісінің көңілі орынғы, жаны тынышталсын деп ойлаймыз. Кейін келе маған да шетелге сапарлаудың сәті түсті.

Менің өмірімдегі тағы бір елдік орны бар кісі – Абдулла Сапар деген ұстазым. Ол кісі менен бір ерекшелікті байқап, маған бізге тұтастай бір елдің оқу жүйесін ауыстыру, яғни өзгерту мүмкіндігі туса, не істер едіңіз?

Әлемге әйгілі ойшыл, пәлсапашы, математик Әбу Насыр әл-Фараби айтқан кеткен ғой «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас-жауы» деп. Бұған мысал Ресей ғалымы Сахаровтың ойлап тапқан сүтегі бомбасы. Ол өзінің жылдар бойы ізденіп тапқан

бағытқа зейіндіміз ашқан бірден бір жан болатын. – Жалпы елде көптеген жас буын мұхит асып, жер жаңаны көруді армандайды. Сол арманға жетіп, қажетті білімді бойға сіңіріп жатады. Алайда батыстың сұлулығына тамсанып, сонда біржола қапуды мақсат етіптердеге не айтасыз? – Өріне, батыстың сұлулығы елдері сөзсіз. Осы орайда жас буынның мұхит асуды армандауы және оны іске асыруға тырысқаны да дұрыс. «Болашақ» және өзге де стипендиялық бағдарламалар өте көп. Оны іздеген жан табады. Діттегеніме жеткен соң, қалып қоятындар да бар. Бірақ ол үшін бізде екінші болмауы керек. Себебі ол адам ертелі-кеш тұған жерін сағынып, бөрібір елге оралады. Біз қазақ болып туғаннан кейін, ел, жер, ағайын-туыспен қарым-қатынасты ешқашан үзбегенбіз және үзбейміз.

– Егер сізге тұтастай бір елдің оқу жүйесін ауыстыру, яғни өзгерту мүмкіндігі туса, не істер едіңіз?

Әлемге әйгілі ойшыл, пәлсапашы, математик Әбу Насыр әл-Фараби айтқан кеткен ғой «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас-жауы» деп. Бұған мысал Ресей ғалымы Сахаровтың ойлап тапқан сүтегі бомбасы. Ол өзінің жылдар бойы ізденіп тапқан

туын-дысын, яғни сүтегі бомбасының әлемге әкелген зардабына куә болғанда, қыруар сызбасы мен жобаларын жойып тастағысы келді. Алайда, ол үшін өте кеш еді. Бұл жерде не айтқым келді. Тәрбиесіз, негізсіз білімнің екі ұшы болады. Біреуі пайдасы болса, екіншісі зияны. Жалпы сүтегі энергиясы дегеніміз сүтегі энергия. Өйткені бұл өте арзан деңгейдегі энергия. Бірақ оның технологиясы өте күрделі және қиын.

– Уақыт бөліп, әңгімелескеніңіз үшін алғысымыз шексіз.

Әңгімелескен Серік АҚМЫРЗА



**БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ – БАСТЫ ОРЫНДА**

Жылдар жылжып, адамзат баласы ғылыми технологиялық төңкеріс кезеңінде талай жаңалықты тудырғанына қарамастан, денсаулық сақтау саласы қашан да өзекті. Қазір адамдардың арасында психологиялық жағынан дамудың кешегі деңгейіне қатысты пайда болған сырқаттың сан түрі бар. Соның бірі – аутистік спектрдің бұзылуы. Медициналық тұрғыдан аутизмді ауру түріне жатқыза алмаймыз, тіпті, оның арнайы өмі де жоқ. Дегенмен адамның жаратылысы физикалық жағынан бөлек психологиялық дамумен де тікелей байланысты. Сондықтан көз жұмып қарауға болмайтын осы дерттің деңгейіне үшін қанша үлес қосылып, қандай әрекет жасалса да артық емес. «Розалия мен Эмир» жеке қорының бастамасымен Қызылорда қаласында 18 жасқа дейінгі ментальді, сөйлеу қабілеті бұзылған және аутистік спектрде кінәраттары бар балаларға арналған «Балаларды дамыту орталығының» ашылуы – соның дәлелі.

Аталған қор 2019 жылы «Өрекет» жобасы аясында өз жұмысын бастаған. Ал осы жылы материалдық-техникалық базасын жаңарту және негізгі құралдармен жабдықтау бойынша ғимарат көлемі кеңейтіліп, аталған мекемеде «Қараңғы сенсорлық бөлме» және «Күрделі ырғақ логосы» сынды инновациялық жабдықтау бар екі кабинет ашылды. Онда емдеу шаралары педагогикалық түзету логосы, дефектолог пен психолог-педагог мамандарының диагноз қоюынан кейін жүргізіледі. Айтпа кету керек, мұнда шатта 14 адам жұмыс істейді: оның ішінде психологтар, дефектологтар, логопедтер, АФК нұсқаушылары және әкешілік қызметкерлер бар. Қазір бұл халықаралық донорлық жүйе «Еуразия Қорының» арқасында тағы бір грантты жүзеге асыруға кірісіп жатырмыз. Ол Еуразия Қорының қолдауымен АҚШ Халықаралық Даму Агенттігі (USAID) қаржыландыратын «Институционалды даму бағдарламасы» аясында жүзеге асырылуда. Ал жаңадан ашылған орталық аймаққа үш инновацияны енгізді: халықаралық To-matis ашықтарын аралап шыққан соң өз өміріне түбегейлі өзгеріс сыйлаған жаңа шешімге келді.

Мен ешқашан әлеуметтік саланы дамытамын деп ойламаппын. Барлығы өмірімізді күрт өзгерткен отбасылық жағдайдан басталды. 2017 жылы менің ұлыма «аутистік» ерекшеліктері бар психо-сөйлеу дамуының кешігуі» диагнозы қойылды. Бұл маған

мақсатқа қол жеткізудегі қозғалысы күш еді. 2019 жылы қолымдағы соңғы ақшамен бір орталық аштым. Сол кезде баламды емдеуге бағыт-бағдар, нақты жоспарлы жүріні ұсынытын орталық таппаған мен бүгінгі таңда мыңдаған баланың коррекциялық жұмыстар жүргізуіне, тегін емделуіне жағдай жасайтын күнге жеттім. Өріне, мұнда қордың, қаржылай қолдаушылардың еңбегі бар. Әлі де алда ұлғайтылатын жобалар бар. Бала мен анаға қуаныш сыйлап жүргеніміз үшін шынымен де бақыттымын, – дейді ол.

Дина БӨКБАЙ





# – Рұслан Кәждібекұлы, өңіменің әкесіңіз қолдағы тарихыңа бастасаңыз...

– «Абылай хан» атындағы жоғары колледжін іргетасы 2001 жылы қаланды. Экономика ғылымдарының докторы Шәрбан Бағзитоа ханының атсалысуымен «Сейхун» институты болып ашылды, көптеген жастың білім алуына мүмкіндік туды. Қазіргі уақытта білім ордасы маман даярлауда жүйелі жұмыс атқарылады. Колледж сатылап даму деңгейінен өтіп, 20 жылдың ішінде 300 млн теңгеден астам инвестиция күйілді. Оқу ғимараты жабдықталып, халықаралық үлгідегі спорт кешені салынды. Мұнда озық үлгідегі техникалық және ғылыми мамандықтарға басымдық берілген. Жоғары колледж сапалық технологиялармен қатар, менеджмент, экономика, коммуникация дағдылар мен тереңдетілген ағылшын тілі бойынша сапалы білімі бар жаңа буын мамандарды дайындайды.

Замана көші алға озған сайын ғылым мен білімге деген талап күн санап өсіп келеді. Техникалық құндылықтар үстемдік құрған кезеңде көш ілгері жүру – өмірлік қажеттілік. Бүгінгі уақыттың табырын тап басып, еңбек нарығындағы нақты талаптарға жауап бере алатын маман даярлау Сыр елінің іргелі оқу орны – «Абылай хан» атындағы жоғары колледжін алған бағытына айналды. Білім ордасы құрылған күнінен бастап-ақ, сапалы білім беру мен ғылымның жарқын үлгісі, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық дамудың бастау кезі болды.

## – Талапкерлерді оқуға қабылдау қалай жүргізіледі? Қандай мамандықтарға басымдық берілген?

– Заман талабы жаңашыл бағытта білім берудің тиімділігін дәлелдеп үлгерді. Мысалы, өткен оқу жылында талапкер қабылдаудың құрылымы жылдағыдан өзгеше болды. Талапкерді оқуға қабылдау «eGov», «College SmartNation» деп аталатын техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға арналған бірінші портал арқылы жүзеге асырылды. Бір талапкер бірнеше оқу орнының конкурсына қатысуға мүмкіндік алды. Демек, оқу орындарының арасында нағыз бәсекелестік туды. Мұндай қадамның оқу орындарының арасындағы рейтингке әсер еткені сөзсіз. 2022-2023 оқу

жылында мемлекеттік грант және ақылы негізде колледжіңді таңдаған талапкерлер саны артты. Бұл осыған дейін жасалған еңбек пен білім саласындағы ізденістің жемісі болса керек.

Қоғамда мамандықтың түрі көп. Бірақ соның ішінде өзіне жақынын таңдау әрбір адамның құқырында. Таңдалған мамандықтың жеке адамның мүдделеріне, бейімділігіне, қабілетіне сәйкес келуі принципке негізделген. Себебі әрбір мамандық білім алушының бойындағы жеке қасиеттеріне сәйкес бағаланады. Атап айтсам, «Төтенше жағдайда қорғану» мамандығына оқуға түсу үшін баланың физиологиялық мүмкіндігі ескерілетіні анық. Сондықтан оқуға тапсыруға келетін талапкерлер қабілетіне қарай, сан түрлі мамандықты таңдап келеді. Біз де сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік мол.

## – Академиялық жетістіктен бөлек шығармашылық биікке көтерілген оқушылар бар ма?

– Білім алушының әрбір жетістігі – ортақ мерей. Сондықтан олардың жеңісі мен мәртебесін көтеруге мүдделіміз. Мәселен, колледж студенті Аржан Әлдіар «World bank» ұйымының қаржыландыруымен өткізілген «Zhas Project» жобасына қатысып, «Қазақи нақыштағы брендтер» жобасы бойынша 1 000 000 теңге ұтып алды. Бұл – жаңашыл білім беретін оқу орнының жемісті жұмысының нәтижесі. Ал «Төтенше жағдайда қорғану» мамандығының бір топ студенті Ресей Федерациясының Білалары, Әзірбайжан республикаларында өткен халықаралық сайыста жүлделі орын иеленіп, ел мәртебесін асқақтатты. Сонымен қатар, 2019 жылы «WorldSkills Kazakhstan-2019» ұлттық чемпионатында колледж студенті Ернұр Баймағамбетов үздіктер қатарынан көрінп, V Республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында «Үздік маман» медалымен марапатталды. Өткен жылы халықаралық деңгейде

Тараз қаласында өткізілген «Нео-Фольклор» стиліндегі сан дизайнлерінің I ұлттық байқауында колледж студенті



Аймақтағы білім беру ісін дамуына «Абылай хан» атындағы жоғары колледжінің қосар үлесі мол. Жаңа әдістеме, тың бастама арқылы колледж жұмысы жүйелі іске асып келеді. Жаңалық та жоқ емес. Колледж директоры Рұслан Дүлдүлмен болған сұхбатта студент ізденісі мен ұстаз жетістігі турасында мағлұмат алуға мүмкіндік туды...




Айнаш Рашид үздіктер қатарынан көрінді. Еліміздің жас жеткіншектерін оқытып-тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп, білім саласын дамытуда үлес қосып жүрген «Абылай хан» атындағы жоғары колледж студенттерінің жеткен жетістіктері – оқу орны мәртебесінің жоғары екендігін көрсеткіші.



Аймақтағы білім беру ісін дамуына «Абылай хан» атындағы жоғары колледжінің қосар үлесі мол. Жаңа әдістеме, тың бастама арқылы колледж жұмысы жүйелі іске асып келеді. Жаңалық та жоқ емес. Колледж директоры Рұслан Дүлдүлмен болған сұхбатта студент ізденісі мен ұстаз жетістігі турасында мағлұмат алуға мүмкіндік туды...



білікті маманы атынып, еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет атқарады. 2022 жылдың 21 ақпан айында Әскемен қаласында өткен VII қысық чемпионатында колледж студенті Асхат Қанибай жүлделі I орын алып, спорт шеберлігіне кандидаттық нормативін орындап шықты. Сонымен қатар биыл маусым айында Шымкент қаласында өткен «Қазақстан-ның өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың спорттық федерациясы» ҚБ-нің өрт сөндірушілер жару спорты бойынша XII жазғы чемпионатында студентіміз Асхат Қанибай I орынды иеленді. Қазіргі уақытта «Төтенше жағдайда қорғану» мамандығының




студенттері тамыз айында Беларусь Республикасында өтетін XI әлемдік чемпионатқа қызу дайындық үстінде.



– Түлектердің жұмыспен қамтылу жағдайы назарда ма? – Өрине, білім беру бір бөлек, жемісін көру өзге жұмыс. Түлектердің мамандық бойынша жұмыс істеп, өмірін жақсартуға ұмтылғанын қалаймыз. Бұл бағытта жүйелі жұмыс атқарылып келеді. Мысалы, 2018 жылдан бері оқу орнында «Жұмыспен қамту және кәсіптік бағдар беру» бөлімі ашылған. Онда мамандар түлектермен тығыз байланыс орнатып, денгейлік сапалы білім беру үшін ең алдымен оқытушы үнемі дамып, ізденісте болуы шарт. Осы мақсатта колледж оқытушылары республикалық, халықаралық деңгейде тәжірибе алмасып, біліктіліктерін арттырып келеді. Соңғы онжылдықта 8 оқытушы Түркия республикасы Ыстамбұл қаласының техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарымен тәжірибе алмасып, тағылымдамадан өтті. Ал өзге өңірлердің ішінде Ақтөбе, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларының оқу орындарымен кәсіби тұрғыда тұрақты тәжірибе алмасып отырады.

– Өзге өңірлердегі ұстаздармен байланыс бар ма? – Жасың шәкірт тәрбиелеп, сапалы білім беру үшін ең алдымен оқытушы үнемі дамып, ізденісте болуы шарт. Осы мақсатта колледж оқытушылары республикалық, халықаралық деңгейде тәжірибе алмасып, біліктіліктерін арттырып келеді. Соңғы онжылдықта 8 оқытушы Түркия республикасы Ыстамбұл қаласының техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарымен тәжірибе алмасып, тағылымдамадан өтті. Ал өзге өңірлердің ішінде Ақтөбе, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларының оқу орындарымен кәсіби тұрғыда тұрақты тәжірибе алмасып отырады.

– Өңірімізге рақмет! Сұхбаттасқан Берен ШАҒЫРОВ



# ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА

Жаңа белеске бағыт алған жас маманда арманға толы тілек пен толқыныстың қатар жүретіні рас. Әсіресе жоғарғы оқу орнын тәмамдап, белгілі бір салада жауапкершілік алғалы тұрған түлектерден болашаққа деген сенім ұшқынын байқауға болады. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің түлектері де салтанатты түрде диплом табыстау шарасында осындай әсерлі сәттің күүгері болды.

Аймақтағы ғылым мен білімнің ордасына айналған сексен бес жылдық тарихы бар университетте түрлі сала бойынша сегіз мыңға жуық студент білім алады. Осы жылы университетті Гуманитарлық-педагогикалық институты, Жаратылыстану институты, Экономика және құқық институты, Дәстүрлі өнер институты, Инженерлік-технологиялық институты бойынша 2159 түлек бітіріп, оның 200-ге жуығы үздік диплом иеленді. Осылайша ел болашағы үшін еңбек ететін мамандар қатары тағы бір жас буынмен толықты.

Салтанатты жиын барысында Басқарма Төрағасы-ректор Бейбітқұл Кәрімова түлектерге сәттілік тілеп, университетте қабырғасында атқарылып жатқан жұмыстарды тіпте тиек етті. Сондай-ақ білім сыналатын байқаулар мен қоғамдық шараларға белсене қатысып, оқу орнының мақтанышына айналған түлектерді алғыс хатпен марапаттады. Ғылым мен технологияның дамуы үшін ар жаңа мамандық иелеріне сұраныс

туғызууда. Сондықтан елімізге қажетті маман даярлау ісіне басымдық берудіміз. Білім алушылардың мықты маман, жан-жақты тұлға болып қалыптасуы ерекше назарда. Университетте ғылым саласын дамыту, жас ғалымдарды қолдау жұмыстары кең қанат жайды. Ғылыми зерттеу жұмысын жалпы қаржыландыру көлемі 20%-ға өсті. Был Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2159 түлек бітірді. Біз үлкен әр шәкірттің өмірден өз орнын тауып, сапалы маман атануы өте маңызды, деді Бейбітқұл Серсенханқызы.

Осы кезге дейін мыңдаған түлектің жарқын болашағына жолдама берген Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті еліміз бойынша үздік университеттердің қатарында. Қазақстанның үздік көпбейлі жоғары оқу орындарының рейтингінде 7-ші орында орналасқан білім ордасы үздік түлектерін мақтаныш етеді. Сөзімізге дәлел, жаны барысында «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпазы, университет түлеі Мақсат Исабабылова «Қорқыт ата атындағы Алтын медаль» табыстады. Сыр елінің абыройын асқақтатып жүрген Мақсаттың еңбек жолында ұстаздардың да өлеусіз үлесі бар екені анық.

Қазіргі таңда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 62 бакалаур, 36 магистратура және 13 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярланады. Оған қоса білім ордасында жастардың тұлға болып қалыптасуына барлық жағдай жан-жақты қарастырылған. – Студенттік өмір жастардың дамуына,

қоғаммен араласуына жол ашып, қабілетін арттыра уйретеді. Дәстүрлі өнер институтында музыкалық білім мамандығы бойынша оқи жүріп, студенттер кенесінің төрағасы болып қызмет атқарды. Ал үшінші курста бастап университетте жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы болып қабылдандым. Ұстаздарым маған осындай мүмкіндік беріп, жауапкершілік пен үлкен сенім артты. Тарихы мен тағылымы мол білімнің қарашаңырағы – ғалымдар, академиктер мен білікті мамандардың ордасы. Сондықтан осы оқу орнында білім алғанға қуанамын және мақтан етемін, – деді бітіруші түлек Нәби Маратұлы.

Апта кеткені, бүгінде оқу орны 170 шәкірт университетпен ынтымақтастық байланыс орнатқан. Нәтижесінде білім алушылар «Академиялық ұтырлық», «Қос диплом» бағдарламасы бойынша АҚШ, Түркия, Польша, Бельгия, Словакия және отандық оқу орындарында білім алып, тәжірибе жинақтауда. Статистикаға сүйенсек, соңғы үш жылда «Ішкі академиялық ұтырлық» бағдарламасы арқылы 200-ге жуық студент білім алған.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



Сол баяғы жаз, сол баяғы ауыл, сол баяғы балалық. Алтап ыстық ақпымнан алмаса да өзімді "тородской" сезініп, қарайып кетем деген сылтаумен далаға шықпай, үйде жүрмін. Тек күннің ыстығы қайтқан соң, 5-тен өте тірлікке шығамыз. Тірлік сол баяғы ойын. Бір-екі қызқыш бастан өткізіп, үйді сағынғанда қора жаққа барып тығылып көз жасыңды сығып аласың. Кейде құлап қалып бір жерінді ауыртқанда үйді сағынғаныңды қосып, оптом жылап алып жүрген кез. Әбден үйреніп, енді үйді ұмытқан кезде әке-шешем келіп тұр.

Олар келсе, ауылда той. Жалпы қаладан біреу келсе той. Нағашы қойдың құлағынан «Сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» деп тебеді де, тамағынан тартып жібереді. Дала мен қорадан әріге барып көрмеген ол байұс-мұрзаның сүр еттің аузы-мұрынан шығып тұрғанын қайдан білсін... Нағашының бар ойы «сібежій» еттен қуырдақ жасау. Әйтеуір, қүйеу баласын ертіп, қолына пышағын ұстаған қүйеу қораға қарай тартады. Бір-екі рет табақ апарып береміз, кейін сол табаққа ет толтырып, үйге келеді. Содан соң қазанның ас-

қойдың етінен жасалған қуырдаққа тойып алып, ұшық шығып кетпесін деп ұртымды кір сабынмен жуып алдым. Ауылда кір сабыннан басқа сабын табу қиын. Енді бір от душі ойнап алу керек. Ойынның ешқашан қанбайтынын білмеген соң есің кеткенше ойнайсың. Кеш батып, ай жарығы түскенде ғана үйге келдік. Қасында кіші нағашым бар. Екеуімізде де біртүрлі құмастық сезім. Енді ше? Келсем келесі жазда ғана. Оған әлі бір жыл уақыт бар. Сол ойлар бүкіл көңіл-күйді түсіріп, үйге кіргенде баласының көңілісіз екенін байқаған әкем «Не болды?» деді. «Тағы бір-екі күн қалайышы» дедім. Сол кезде «Әй, осы өткенде тығылып жылап жүр ең той» деп нағашы позор қылды. Тығылып жылап жүргенімді көріп қойғанына ұялып тұрғанда «Әлі бір аптадай боласыңдар, әке-шешен сені алып кетуге келген жоқ. Сені қайтсін? Онсыз да ығырын шығарған соң демалыс болса біздің ауылға көтерінін бір теуіп жүрген жоқ па? Папаңмен қора саламыз, әлі бір жұмадай боласыңдар, уайымдама», – деп нағашы бір ренжітіп, бір қуантып

оқып болған соң менің артыман ер.

– Неге? Қайда барамыз? – дедім мен бойымды қорқыныш бітеп. Қорықпай қайтейін. Үлкен «браттардың» бейіт басында періштелер жүреді деген әңгімелерін көп естіген мен үлкендерсіз алысқа баруға сескеліп тұрмын.

– Ой, олар қазір анаған-мынаған Құран оқып, әр жерде бір жылап-сықтап отырады. Ол кемпір-шалдарды бәрібір танымаймыз. Менімен жүр, қызық болады, – деді нағашым. Сөзіне сенгендей болдым да мақұлдадым. Ниваға тиеліп алып, ауылға жақын кыр басындағы бейітке қарай жол тарттық. Жақындаған сайын бәрінің көңіл-күйі түсіп барады. Келе сала алдыға түсіп, ата мен әженің бейітін іздеуге көштік. Нағашы ішкен кезде осы жаққа келіп жылай-тын, жанынан баласы бір елі қал-майтын болған соң ол бірінші тауып алды.

тапқан «табысымызды» қорға қойдық. Бір-екі қағаз ақша, қалғаны тиын. Математикаға шамалы жүйріктігі бар мен бірден санап шықтым. 1000 теңгеден асатын ақша. Бұл ақшамен ауылда бір аптадай күн көруге болады. Содан енді не істейтінімізді сұрадым. «Магазинге барамыз» дегеніне қуанып, «О-о-о, давай фишка сатып алайық» дедім. Бұл ақшаның жартысына фишка алсаң, сенен бай адам болмаймын деп тұр. «Қуасың ба? Бұл ақшаға тек нан мен су, тамақ алуға

– деп сұрадым. «Ештеңе етпейді, бәрібір біреу алады. Алуға болмайтын күннің өзінде ол кезде 9-10 жасар баламыз. Ал 13-ке дейін күнне есептелмейді», – деді. Ал сенбей көр. Сүре білмесе де бата білетін, бірдене болса біз сияқты бейіп емес,

1000 теңге

"пісімілпә" дейтін таза ауылдың баласы. Сондықтан сендік. Бірақ сондағы болмашы тәттіге бола бейіт басынан ақша жинағанымызды ойлап, иманымыз әлсіз болғанын түсіндік. Қате болса, Құдай өзі кешірсін!..

Аслан НҰРАЗҒАЛИЕВ



тында от жа- нып, та- мақ- тың иісі бұрқы- райды келіп. Мана ғана қимай отырған

алды. Көз жасы дайын тұратын, қит етсе ренжіп қалатын мен бұл жолы қуаныштан «Әке-шешен сені қайтсін?» дегенге аса мен бермедім. Түнде папа-маманың ортасына жатып, «әтудің» бір «зарядимді» толтырдым да ертесіне ойынға шығып кеттім. Бір аптаны аз көріп жүрген мен таңғы шай дайын болғанына қызу ойынға кірісіп кеткем.

Дайын болған кезде түгел жиналып, дастарқан басында ыстық шай іштік. Қонақ келген соң дастарқан жайнап тұр. «Сібежій» қаймақ, майскій май, тіпті печенье мен тісінді сындырардай қатып қалған «Ирис» көмпит те бар. Бұл жолы жөңкем аямай әкі жерден екі варенье де қойған. Біреуі өрік, біреуі шіленді. Жақсылап тұрып шай ішіп, енді ойынға кетейін деп таңдама әкем «Алысқа кетпе, қазір нағашы ата мен әжеге барамыз» деді. Менен гөрі бұл сөзге кіші нағашым көп қуанған сияқты. Бір жоспары барын біліп, артынан ере шықтым.

– Қазір бейіт басына барғанда ата-әжеге Құран

Бір-екі минуттан кейін нағашылар мен папа-мама да келді. Маманың көзіндегі жасты көріп бала жүрегім ауырып кетті. Қол жайып, Құран оқыған соң топырақ салдық. Мама орамалға тиын салып орап, бейіт басына байлап жатыр (Неге екенін білмеймін, әйтеуір, біздің жақта бейіт басына тиын салынған орамал байлап кетеді).

Көп уақыт жоғалтпай нағашымың артынан еріп кеттім. «Өр бейітті қара, тиын болса түйінін шешіп, жинап ал. Сосын аттарын қара, біздің рулас болмасын, өзіміздікілерден алуға болмайды», – деп тапсырма жүктеді. Жасы менен кіші болса да әр сөзіне сенетін мен бірден тапсырма орындауға кірістім. Біреуінде 30, біреуінде 70 теңге оралған. Кейде, тіпті, қағаз 200 теңге де көзделеді. Біздікілер әр туысына Құран бағыштап жүргенде біз бейіт басындағы «бизнесімізді» сәтті жүргіздік. Кейін көлікке мініп, ауылға қайттық.

Үйге келе сала екеуіміз көліктен түсіп, қораға қарай аяндадық. Тауық қораның төбесіне шығып алып,

болады. Арақ, темекі, ойыншыққа құртуға болмайды», – деген соң қуанышым су сепкендей басылды. Бір жағынан сөзіне сенбей де тұрмын. Бірақ сенуге тура келеді. Өйткені нағашым ауыл молдасынан хат танымаса да, молданың ауласынан алма ұрлап жүрген бала.

Қысқасы сөзіне сеніп, дүкенге бардық. Сан түрлі заттан санамыз жұмысын тоқтатып, әр тәттіге бір жабыса бердік. Наннан жасалады ғой деп қытырлақ алып, балмұздаққа тоясың, демек тамақ болады деп, су сияқты сұйық деп соқ сатып алдық. Ауланың артындағы ескі комбайнға отырып алып, әр нәрсені аузымызға тыққыштап отырмыз. Қарын тойған соң ойынның қызығы басталды. Солай-солай бейіт басындағы «бизнесестен» тапқан ақшамен 3-4 күн магазиннің табалдырығын тоздырып, ақшаны онды-солды жұмсадық. Ақша таусылған кезде біздің де қайтатын уақыт келді...

Кейін ауылға жол түсіп, бауырыммен жолыққанда осы оқиға есіме түсті. «Осы біздің сол ісіміз дұрыс болды ма? Жалпы ол ақшаны алуға бола ма өзі»,



## АТА ЗАҢ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АРҚАУЫ

Адам құқығы – конституциялық құқықтың маңызды институты. Адам құқықтарын қорғау механизмі – бұл адам құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қанағаттандыру жолындағы кедергілерді жою мақсатында кезекті түрде ұйымдастырылған заңды құралдардың жүйесі. Жалпы адам құқықтарын қорғау механизмінің мақсаты адам құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кедергісіз бағыт алуын қамтамасыз ету екені анық. Құқықтық реттеу механизмі заңдық құралдардың жүйесі, олардың көмегімен қоғамдық қатынастарға құқықтық әсер ету жүзеге асырылады, құқық субъектілерінің мүдделері қанағаттандырылады. Құқықтық реттеу механизмі

элементтерінің құрамына құқықтық норма, құқықтық қатынастар, жеке құқықтық актілер, құқықтық тәртіп пен құқықтық сана кіреді.

Мемлекетте демократияның басты негізі адамның, жеке тұлғаның құқықтық жағдайы болып табылады. Сондықтан адам құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизміне нормативті құқықтық актілер жатады. Барлық қазіргі заманға сай конституциялар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы да бұл мәселеге ерекше назар аударады. Көпшілігінде адам құқықтары мен бостандықтары алғашқы бөлімдерде көптірілген, бұл мемлекеттің жеке тұлғаның құқықтық жағдайына қанша-

лықты тығыз қарым-қатынаста болатындығын көрсетеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы ең жоғары құндылық ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең бекітілген. Бұл қағида

демократиялық мемлекеттің қызметі мен оның халықаралық құқық-тық міндеті іспетті. Конституцияда бекітілген жеке тұлғаның құқығы оны жүзе-

ге асыру мен қорғаудың тиімді механизмі құруды болжайды. Адам құқығы, оны сақтау мен

кепілдік беру бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі. Адам құқықтарын сақтаудың шын-дық

жағдайы – демократияның маңызды көрсеткіші, оның кемеліне келуі мен руханилығының белгісі.

Адам құқықтары мен бостандықтары тек қана бір мемлекеттің ісі емес, бүкіл халықаралық бірлестіктің субъектісі. Ал адам құқығы саласындағы жалпы танылған халықаралық нормалар қазір ұлттық заңдарды қалыптастырудың негізі. Сондықтан да мемлекет ішіндегі адам құқығын қорғау механизмі халықаралық құқық нысандарымен қамтамасыз етілуі мен тығыз байла-

нысты. Адам

құқығын қорғау жөнінде нормалар қабылдаған халықаралық ұйымдар, адам құқығының

бұзылмауына жол бермеуге нақты механизмдер қарастырды.

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат – Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі.

Ата Заңымызды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде Отанымыздың бірлігі нығайып, елдегі тұрақтылық пен татулық орнықты.


**Б.ИЗЕНОВ,**  
Қызылорда қаласының  
мамандандырылған  
тергеу бас маман аға сот  
приставы



## МАҚСАТЫМ – ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ

Мағжан ШАМШАДИН, дзюдодан халықаралық Grand Prix турнирінің жеңімпазы:

Сыр бойында жапон спортының шоқтығы биік. Бір емес бірнеше спортшымыз дзюдодан ел намысын Олимпиада ойындарында қорғады. Жамал Бозова, Жанар Жанузынова, Нұргүл Тағаева, Әділхан Қозыбаевтың ізін жалғаған Мағжан Шамшадин Зағребте Grand Prix халықаралық турнирінде бақ сынады. Бір қызығы, соңғы кездері татамидың халықаралық тұғыры өңір спортшыларына бұйырмай жүрді. Бұл жолы Мағжан Шамшадин қызылордалықтарды жарқын жеңісімен қуантты. Жарыс аяқтала салысымен батыр үлпен байланыс орнатып, жедел сұхбат ұйымдастырдық.



– Мағжан, жеңіс құтты болсын! Халықаралық жарыстардың биік тұғыры Сыр балуандарына бағынбай жүргеніне біршама уақыт болды. Үзіліп қалған чемпиондықты қайта жалғағаныңа қуаныштымыз. Зағребтегі аламан қалай өтті?

– Рәқмет. Быыл халықаралық жарыстарда бағым жанып жатыр. Жыл басында Израильде гранд сламда үздік үштіктен көрініп, қола жүлдені еншілеген едім. 60 келі салмақтағы бәсеке дзюдодо өте жоғары. Әлемдік бәсекелерді есептемегенін өзінде ішкі біріншіліктің өзінде топ жару оңай шаруа емес. Бәсекелестің жоғары болғанының арқасында ысылып, оң нәтиже көрсетудеміз. Хорватиядағы байрақты бәсекеге әлемнің кіл үздіктері бақ сынауда. Барлығы жүлдегер болсам деген ниетпен келді. Париж олимпиадасының жолдамасын ұялай берілетін болғандықтан барлығы барын салды. Қорыта айтқанда, аламан тартысты өтті.

– 60 келі салмақ дәрежесінде әлемде мықты балуандар жетерлік. Жарыс барысында қай спортшымен сыңа түскен қиын болды?

– 60 келіде 50-ге жуық татами шебері бақ сынады. Барлығы болмаса да көбісінің әдіс-тәсілдерін

білемін. Өйткені біршамамын әлемдік жарыстарда жолымыз түйісті. Бір-бірімізді жақсы білеміз. Мынау осал, мынау мықты дей алмаймын. Барлығының дәрежесі бір. Біреуінде бағым жанса, біреуінде сәттілік жолдас болды деуге келеді. Алғашқы айналымда Куба балуаны Форте Валдивозы вазаримен ұттым. Екінші айналымда АҚШ балуанын ұтып, үшінші айналымда Испания өкілі Бернабеу Риканы тізе бүктіріп, ұтып ширек финалға шықтым. Ширек финалда түркімен балуаны Хакберді Жумаевты вазаримен ұтып, жартылай финалда француздық Мерлин Максимен қосымша уақыттың 1 минут 31 секундында вазари әдісіне түсірдім. Енді финал үшін айқас кез келген жағдайда тартысты өтеді. Финалда әлем чемпионатының 2 дүркін қола жүлдегері, Кореяның тәжірибелі балуаны Ким Вон Жинді жеңіп, Зағребте жеңімпаз қатарынан көріндім. Осы дәрежеге жетуіме септігін тігізген жаттықтырушыым Қален ағайға ерекше алғысымды жеткізім келеді.

– Зағребтегі жарыс барысында өнер көрсеткен ел дзюдошыларына қандай баға бересіз?

– Жарыс болған соң біреуі жеңеді, біреуі

жеңіледі. Тұтастай құрамның жүлде алуы спортта сирек кездеседі. Елдос Сметов быылдан бастап жаңа салмақта белдесіп көріп, үздік 7 спортшының қатарынан көрінді. 100 келіде бақ сынаған Нұрлыхан Шархан да сол жетістікті қайталады. Сондықтан жақсы деген баға беремін.

– Мағжанның алдағы жоспарын білсек...

– Быылға біраз жоспарларым бар. Әуелі елге оралып, аздап тынығып алуды құп санаймын. Өйткені Зағребке аттанарда біршама күш-жігерімді сарқып алдық. 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиада ойынына жолдама алсам деген ниетім бар. Ол үшін халықаралық додаларда сәтті өнер көрсетіп, ұяй қорын молайтуға тиіспін.

– Ұлттық құрамның бас бапкері Ғалымжан Жылғелдиев Париж Олимпиадасына дайындаймыз деп қалды. Жалпы өзіңізде Олимпиадаға қатысу үміті қаншалықты басым?

– Олимпиаданы көріп, ел қоржынына жүлде салу басты арманым. Құдай қаласа, 2024 жылы Париж татамиіне қатысуға еңбек етемін. Бастысы, қарақаттан аман болсақ болғаны.

Ташкентте ауыр атлетикадан жасөспірімдер мен жастар арасындағы Азия біріншілігінің жалауы желбірейді. Бұл жарыста ел намысын 21 спортшы қорғайды.

ТОЛАҒАЙЛАР  
ТАШКЕНТКЕ АТТАНДЫ

Өзбекстанның бас шаһарындағы ұлдар сайысында Ерасыл Омаров (55 кило. U17), Азамат Төлеген (61 кило. U20), Әлішер Байбұров (67 кило. U17, U17), Алексей Чуркин (73 кило. U20), Едіге Емберді (73 кило. U17), Петр Хребтов (73 кило. U20), Денис Полубояринов (81 кило. U17, U20), Егор Шерер (81 кило. U20), Клим Башаргин (89 кило. U20), Никита Абдрахманов (102 кило. U17, U20), Жанәлі Тұжқов (+109 кило. U20), Бағдат Маматқұл (+109 кило. U20), Санжар Жолтай (+109 кило. U17) секілді ауыр атлетілерге сенім артылып отыр.

Қыздар арасындағы бәсекеде Александра Беленко (45 кило. U17, U20), Дарья Балабаюк (49 кило. U17, U20), Екатерина Алякина (55 кило. U20), Шынар Жапар (55 кило. U20), Алина Колиушко (59 кило. U17, U20), Надежда Ли (64 кило. U17, U20), Аружан Дәулетова (71 кило. U17, U20), Динара Қыпшақбай (81 кило. U20) және Айсамал Сансызбаева (87 кило. U20) өнер көрсетеді.

Футболдан Қазақстан кубогы топтық кезеңінің екінші туры өтті. Аталған турдың екінші ойын күнінде В тобында Қызылордалық «Қайсары» тағы да жеңіске жетті.

ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫ  
ҚЫЗА ТҮСТІ

Бұл жолы қызылордалық футболшылар сырт алаңда Петропавлдың «Қызылжарын» 2:1 есебімен сүріндірді.

Петропавлға қонаққа барған Әбілдаев шәкірттері е дегеннен шабуылға ден қойды. Кездесудің 15 минутында Елжас Алтынбеков Лобанцев қорғаған қақпадан саңылау тапты. Алайда арада 5 минут өткенде «Қайсардың» экс ойыншысы Элгуджа Лобжанидзе таразы басын төңестірді.

Бұл есеп 88 минутқа дейін сақталды. 89 минутта Кирилл Сидоренко қорғаушыларды қапы қалдырып, командасына кезекті жеңісті сыйлады. Қорытынды есеп 2-1 қасқырлардың еншісінде.

Бұл топтағы «Ақжайық» (Орал) пен «Каспий» (Ақтау) кездесуінде оралдық ұжымның мерей үстем болды. Олар өз алаңында «Каспийды» 3-1 есебімен тізе бүктірді. Ал С тобында қостанайлық «Тобыл» өз алаңында «Ақтөбені» 2:1 есебімен жеңді.

Осы топтағы «Тараз» өз алаңында Түркістан облысының «Мақтаралын» 4:2 есебімен басым түсті. Нәтижесінде «Тараз» алты ұлтаймен көш басаса, одан кейінгі орындардағы «Тобыл» мен «Мақтаралда» үш-үштен ұяй бар. Өзірге ұяйға қол жеткізе алмаған «Ақтөбе» көш соңында тұр.

Орта салмақта WBA Super, IBF және IBO вчемпионы Геннадий Головкин (42-1-1, 37 KO) Сауль «Канело» Альвареспен (57-2-2, 39 KO) үшінші жекпе-жектен кейін карьерасын аяқтайды. Мұндай пікірді инсайдер әрі журналист Майк Коппинджер айтты.

ГОЛОВКИН МАЙСАБЫН  
АЯҚТАЙ МА?

“Головкин 40 жасқа келді және оның аңызға айналған карьерасы аяқталуға жақын. Ол көптен бері “Канеломен” үшінші айкасты тіледі. Бұл оның тектерісті тоқтатайтын соңғы мүмкіндігі.

Ол жөнде де, жеңілсе де Даңқ залына кіреді. Ол ондаған миллион табысқа ие болды, ал алдағы ірі гонорар соңғы болуы да ақымтал. Головкин осы бір табыс оған зейнетке шығуға көмектесетінін мойындап та қойды. Алдыңғы 24 раунд ештеңе шешпеді. Ал алдағы жекпе-жектен кейін бәрі шешіліп, Головкинге істейтін ештеңе қалмайды”, - деп жазыпты Коппинджер ESPN сайтында.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

Биыл 21 қараша мен 18 желтоқсан аралығында футболдан Қатарда өтетін XXII әлем чемпионаты қарсаңында көп жалақы алатын бас жаттықтырушылардың тізімі жарияланды. Бұл көшті Германия құрама командасының бас бапкері Ханс-Дитер Флик бастап тұр.

Ханс-Дитер

түрлі командаларды жаттықтырып, 2019 жылы өйгілі мюнхендік клубтың тізгінін ұстады. Аталған маманның жетекшілігімен «Бавария» екі рет ел чемпионы атанып, кубок пен суперкубокты иеленді. 2020 жылы УЕФА чемпиондар лигасы, УЕФА суперкубогы және клубтық әлем чемпионатында бас жүлдені олжалады. Бұл күндері ұлттық құраманы жаттықтырып жүрген 57 жастағы Ханс-Дитер Флик жылына 6,5 миллион еуро көлемінде жалақы алады. Екінші орында – 51 жастағы Гарет Саутгейт. Кезінде ол АПЛ-дағы «Кристалл-Тэллс», «Астон Вилла», «Мидлсброун» және 1995-2004 жылдар аралығында Англияның ұлттық құрамасының тас-камал қорғаушысы болды. 2016 жылдан бері өз елінің бас командасын жаттықтырып жүрген 51 жастағы Саутгейт әр жыл сайын 5,8 миллион еуроны қалтасына басуда.

Үшінші орынды даңқты Дидье Дешам иеленуде. Жалындап тұрған шағында ол Францияның «Нант», «Марсель», «Бордо», Италияның «Ювентус», Англияның «Челси»

біріншілігінің күміс жүлдегері, 2018 жылы әлем чемпионы, 2021 жылы Ұлттар лигасының

жеңімпазы деген аса мәртебелі атақтарға қол жеткізді. 53 жастағы Дидьең жалақысы 3,8 миллион еуро шамасында. Сондай-ақ ТОП-10 аukatты бас жаттықтырушылар қатарында Тите (Бразилия, 3,6 млн еуро), Луи ван Гал (Нидерланд, 2,9 млн еуро), Херардо Мартино (Мексика, 2,9 млн еуро), Пьеро Скалонни (Аргентина 2,6 млн еуро), Феликс Санчес Бас (Қатар, 2,4 млн еуро), Фернандо Сантус (Португалия, 2,25 млн еуро) және Мурат Якин (Швейцария, 1,6 млн еуро) сынды майталман мамандар бар. Ал әлем чемпионатына қатысушылар арасында ең аз жалақы алатын Жәлел Қадри екен. 50 жастағы Тунис құрамасының бас жаттықтырушысы жылына бар болғаны 130 мың еуро алады.

және Испанияның «Валенсиа»-сында жасындай жарқырады. Амплуасы – жартылай қорғаушы. Өз елінің ұлттық құрамасы сапында 1998 жылы әлем чемпионы және 2000 жылы Еуропа чемпионы атанды. Қарт құрлықтың бірқатар белді клубтарын жаттықтырған ол көптеген биік белесті бағындырды. Дешамның жетекшілігімен Франциялық футболшылар 2016 жылы Еуропа

**ЖАЛАҚЫСЫ ЖОҒАРЫ ЖАТТЫҚТУРУШЫЛАР**

Бүгінгі нарық билеген заманда дүйім жұрт рухани қажеттіліктен гөрі төн қажеттілігін өтеу үшін материалдық дүниеге көбірек көңіл бөлуде. Осы тұста адамдар бұрынғы кітап оқу дағдысынан айырылып баражатқанын байқаймыз. Соның салдарынан жастар еркін ойлауға, ауызекі тілде көркем сөйлеуге қабілетсіз. Қазіргі ақпараттар көпірі сананы еріксіз жаулап алып, жастарды рухани жұтандыққа ұшыратып отырған жоқ па? Осы сауалға келгенде көңіліміз бір арнаға түспейтіні анық. Себебі қазіргі таңда кімнің болсын қолында смартфон, кітап оқуға құлықсыз келеді. Бақсаңыз, кітап оқуға қызығушылық танытатындардан гөрі әлеуметтік желіде оқырман санын арттыруға әуес жастар көп. Бұл сананы ғаламтор билегенін анық аңғартады. Осы тұрғыда баланың кішкентай кезінен кітап оқуға қызығушылығын арттыру керек. Бала жастайынан кітапқа құмар болса, өсе келе қызығушылығы арта береді. Бірақ ол үшін не істеу керек? «Анама және маған» кітап дүкенін ашқан Айдана осы сауалдарға жауап берген еді.



Сондай-ақ бала да кітап деген түсінік жоқ. Сондықтан балаға телефон емес кітап ұсынған жөн. Ол бала кітап оқуға бейім бол есеп. Кішкентайлар әдетте кітапты парақтап, сурет көрсеткенде қызығады. Өзіміздің тәжірибем бойынша балаға кітап оқуды ертерек бастау керек. Баланың көру қабілеті дағдыланған уақытта, яғни 3-4 айлығында кітап көз алдында тұрса, бала соған қызығады. Оқитын дүниені дұрыс таңдау маңызды. Ал кітап сыйлауды дәстүрге айналдыру керек. Себебі ең құнды сыйлық – кітап, – дейді кейіпкеріміз.

Бақсаңыз, бүгінде ғаламторға тәуелді бала көп. Содан келіп «кітапты кім оқиды» деген түсінік қалыптаспай. Шынығында бәр білімнің, рухани азықттың сол кітапта жатқанын аңғара бермейді. «Балам смартфонға тәуелді» деп назданады ата-аналар. Міне, баланың кітап оқуға қызығушылығын арттыру керек. Бала кітап оқуға қызығушылығын арттыру керек. Бала кітап оқуға қызығушылығын арттыру керек. Бала кітап оқуға қызығушылығын арттыру керек.

2017 жылдан бастап кітап сатумен айналыса бастадық. Бүгін сөзі – менің қызым. Аналық борышым кітапқа баулу болды. Болашақ баланымыз телефон ұстатпай, кітапқа қызығушылығын арттыру керек. Бала кітап оқуға қызығушылығын арттыру керек. Бала кітап оқуға қызығушылығын арттыру керек.

Бірақ бұл бұрынғымен салыстырғанда қазір ауада кітапқа сұраныс көп. Оқушылар саны күн санап артып келеді. Ал сайын балаларына кітап алады, анасы мен баласы жеке кітаптар да сатып алып жатады. Кітап оқитын адамдар саны үлкейіп келеді. Көше туған бала телефонның не екенін білмейді.



## БАЛАҒЫЗ КІТАП ОҚИ МА?

телефон ұстап отырады, түн ортасында тағы соған жармасып жатқаны. Бір баланың кітап ұстап, оқи алмаса да, бетін парақтап отырғанын көрмедім. Осыдан кейін мен баланы қалай кітап оқуға қызықтыруға болады деген сұрақ төңірегінде көп іздендім. Өз баламды қалай қызықтыра аламын деген сауалға жауап іздедім. Сөбіміздің тілі шыға келе телефон сұрамаса екен деген аналық қорқыныс болды. Рухани байланыс, өзіне керек қоректі кітаптан аламын қаладым. Осылайша ер жақтан ізденіп жүріп, ақырында нәтиже шығардым. Бұл қадамға келуім оңайға соққан жоқ. Зерттеу, талпыныс, жан-жақтан балалар қызығатын оқулықтарды іздеу уақытты алды, – дейді кейіпкеріміз.

Ана құрсағындағы сәби анасының сөйлеген сөзінің бәрін түсінеді екен. Сондықтан да аналар іштегі сәбине көп кітап, ертегі оқып береді. Аман-есен өмірге әкелген соң да бір-екі айлық перзенттің кітапқа деген махаббатын ашады. Сіз кітап дүкеніне бара қалсаңыз, кішкентай балаларға арналған көз қызығатын сан-алуан кітаптар бар. Оқи алмайды деген баланыңыздың өз суреттеріне қарап отырып-ақ қызығушылығы оянады. Телефоннан көрген мультфильмді де кітаптан іздеуге болады. Себебі технологияның дамыған тұсында кітапта да аудио арқылы тыңдай алатын құрылғы орнатылған.

Біздің дүкенде бір айлықтан бастап 15 жасқа дейін аралықта кітаптың сан түрлері бар. Мысалға бір жасқа дейінгі балаға қалың кітап ұсынған жөн, сондай-ақ терезе секілді, ашылмалы-жабылмалы кітаптар бар. Қолды жылжыту арқылы парақтап ашатын кітаптар кішкентай балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырады. 2-6 жас аралығындағы балалар кітапты өздері таңдай алады. Сол уақытта өздерінің қоршаған ортасын танып-біледі. Өріптерді, сандар мен пішіндерді, жан-жануарлардың аттарын үйренеді. Олардың ішінде, тіпті, біз білмейтін форматтар бар.

3D форматта кітаптың екі түрі бар. Бірі қолмен ұстау арқылы, екіншісі телефон арқылы. Мәселен, түнде тыңдалым ретінде аудио нұсқасын, мультфильм ретінде бейне нұсқасын қосып беруге болады. Сондай-ақ балаларға арналған ағаш ойыншықтар бар. Олар баланың сауасын дамытады, сонымен бірге сөздік қоры, ойлау қабілеті, көру айырмашылығын жақсартыды, – дейді ол.

Жастарды кітап оқымайды деп сөуге де болмас. Себебі жаһандану заманында әлеуметтік желілерден, теледидардан ақпараттар легі толассыз ағылуда. Бұл мәселені бір жақты қарауға болмайды. Бүгінгі жастардың психологиясы бұрынғыдан мүлдем өзгеше. Экономиканың үлкен қарқынмен дамуы әр адамның өзін-өзі материалдық жағынан қамтамасыз ету қажеттілігін тудырады. Адамның материалдық жағдайды ойлауы бірінші орынға шығып, оның рухани байлықты игеруге деген

ынтасы кемиді. Ата-анада баласын ішсін, жесін, мәртебесі биік болсын деп тәрбиелейді. Қазір ақпаратты тек кітаптан ғана емес, ғаламтор көздерінен-ақ алуға болады. Бүгінгі баланың қолында iPad, Planшет, iPhone және тағы басқа электрондық құралдар көп. Мұның өзі кітап оқу үрдісін алмастыра алады, бірақ бұл баланың қоғамда әлеуметтенуіне кері әсерін тигізеді.

– Қазіргі таңда барлығы қаржыға келіп тіреледі. Сондықтан да баланы алдымен жұмыс істеуге, ашығында жалақысы көп жұмыс істеуге бейімдейміз. Бұл бір жағынан жақсы шығар. Бірақ қалай болғанда да кітапханаға баруға, әдеби кітаптар оқуға баланы бейімдеу керек. Күнне 10 бет кітап оқуға уақыт табу көрегің санасына сіңіру керек. Керек дүниенің барлығын сол кітаптан табатының, болашақта мәмен болу үшін де білімнің ең қажетті дүние екенін ұғындыруымыз қажет. Абырой білігіне шығаратын ең құнды нәрсе білім. Мыңды бағындыратын да білімді ұрпақ.

«Анама және маған» дүкенін ашқанда қорқыныс болмады. Сенімділік басым болды. Өзім секілді аналар баласын алып келгенде, сенімділік басым екеніне одан сайын көзім жетті. Өзіміздің кішкентай дүкенім жұмыс орын емес, хоббиім, демалатын орным айналады. Дүкенді материалдық жағынан байып кету, ақша табу үшін ашқаным жоқ. Халқыма пайдам тиісін, болашақ аналарға бала тәрбиелеуде көмекім болсын деген ой болды. Елімізді болашағы – кішкентай бекеттерді ұялы телефоннан алыша ұстап, олардың сауатын ұрпақ, саналы тұлға болғанын қалаймын, – дейді кейіпкеріміз.

**Р.С. Өйгілі Шекспирдің** «Кітап мен үшін тақтан да қымбат» деген сөзі арада қанша ғасыр өте де өз маңызын жоймай тұр. Кітаптың осындай сиқырлы қасиетін, «ұрамы» билегенін, санасын ашып, еңінде демеуші сыйлайтынын қолдан кітап ұстаған кез келген адам жан дүниесімен сезінері анық.

М.САБЫРЖАН

## JULDYZ - JORAMAL

(22 – 28 шілде)

**Тоқты**  
Сіз үшін ең жайлы апта болғалы тұр. Түйсігіңізді көбірек тыңдаңыз. Ол сізге кімнің дос, кімнің дұшпан екенін айқын білдіреді. Қосымша табыс табу үшін барыңызды салыңыз. Кәсіби біліктілігіңізді арттыру жолында жұмыс жасаңыз. Алыс жерден қуанышты хабар келуі мүмкін.

**Торпақ**  
Белсенді болыңыз. Бұл аптада алға қойған мақсатқа жетуге еңбек етіңіз. Бойыңызда тың күш пайда болады. Ал егер апталық демалысты тиімді пайдаланғыңыз келсе, аздап босансып, еркінсуге рұқсат. Мұндай жағдайда бар уақытты жеке өмірге, отбасына арнаңыз.

**Егіз**  
Жанын салып, асқан қызығушылықпен жұмыс істеуге әдеттенгендер үшін сәтті апта. Жетістік пен мол табысқа кенелу мүмкіндігі жоғары. Басталған істі соңына жеткізуге және уақыт мерзімді жоспар құруға қолайлы сәт. Көптеген жағымды таныстықпен қызықты шаралар күтіп тұр.

**Шаңы**  
Сетсәздіктер кезеңі артта қалды. Қай істі қолға алсаңыз да, сәттілікпен қуантанды. Дәл осы уақытты тиімді пайдаланып, шығармашылықпен айналысыңыз. Жаңа нәрсені үйреніп, таным көзкіңізді кеңейтіп, жаңа қырыңызды ашуға талпыныңыз.

**Арыстан**  
Айналасыңыз тыныштық орнатыңыз. Себебі, бұл аптада сізге жұмсалған қуаттың орнын толтыру қажет. Мүмкін болса, мойныңызға көп міндет алмаңыз. Біреумен ренжісеңіз, татуласуға алғашқы қадамды өзіңіз жасаңыз.

**Бикеш**  
Бірнеше істі мойыңыз қатар іліп алмаңыз. Өзіңіз үшін ең маңыздысын анықтап, сонымен ғана жұмыс істеңіз. Қызметтегі белсенділік – бұл мақтауға тұрарлық дүние. Дегенмен, денсаулық бәрінен маңызды. Сондықтан шаруаларды аздап кідірітіп, денсаулығыңызға мән беріңіз. Жаңа жоспарлар құрамын деп, бұрынғы аяқсыз қалған шаруаңызды естен шығармаңыз.

**Таразы**  
Ойға алған шаруаларды жүзеге асыруға батыл кірісіңіз. Бұл жолда еріптерстерден көмек сұрап, қол үшін соғандарды кері итерменіз. Әсең-аяғам мен берменіз. Салдарынан қате қадам жасаңыз, зардабы өзіңізге тимеді.

**Сарышаян**  
Бұл аптада табиғат аясында сейіл құрып, сапарға шықсаңыз, сәттілікке кезігесіз. Шығыны да аз болады. Қосымша табыс түскелі тұр. Қолыңызға тисе, өзіңіз бен жақындарыңызды қуантуға жұмсаңыз. Бұл сізге позитив пен жағымды энергия береді, адамдармен қарым-қатынасыңыздың жақсаруына септігін тигізеді.

**Мерген**  
Бұрыннан келе жатқан шилеңкештің мәселені, бір ұшығы қолыңызға ілігеді. Сәтін жіберіп алмаңыз. Сол ұштан «тартипы» қалсаңыз, көптеген түйінді тарқатасыз. Көптен күткен қаржы қалтаныңызға түседі.

**Тәуешкі**  
Алғашқы аптада кез келген жағдайда барынша сабырлықты сақтауға тырысыңыз. Сіз арандатқысы келген, сол арқылы абыройыңызға нұқсан келтіруді қалайтындардың қурығына ілінбеңіз. Бұл аптада ешкімнен қарыз сұрамаңыз, ешкімге қарыз бермеңіз.

**Сұқұйғыш**  
Дәл қазір сізге ең керекі – бойыңызды босансытып, тынығу. Жеке өмірде орын алатын кез келген тосынсыздық іштей дайын жүріңіз. Егер ол жайсыз болса, еш мойымандық, келесі көзек жақсы тосынсыздық. Ойыңызда көптеген жақсы идеялар тұндайды. Жалқаулықтан ары-идеялар шығады жүзеге асыруға талпынсаңыз, табыс пен нәтижеге жетесіз.

**Балық**  
Пайдасы тиетін ықпалды таныстармен қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз. Соны да мансап баспалдағымен көтерілу мүмкіндігі туады. Өріптертер арасындағы абыройыңызға да жақсы әсерін тигізеді. Өзіңізге сенімді болсаңыз, осы аптада біршама биікті бағындырасыз.

Көзкіші редактор: Д.БЕКБЕК

## АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Т куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» қоғамдық газеті КР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР  
Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік көзқарасындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17242 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary@gmail.com  
Instagram: @aqmeshit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

Таралымы: 7271  
Тапсырыс: 1194